

## **Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах" мемлекеттік компаниясын құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 қаңтар N 71. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.08.17. N 776 қаулысымен. ~P980776

"Сақтандыру нарқын құру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 сәуірдегі N 1658 U941658\_ Жарлығын орындау үшін және шетел инвестицияларын сақтандыруды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах" мемлекеттік компаниясы құрылсын (бұдан әрі - "Қазақинстрах" компаниясы).

Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан "Қазақинстрах" компаниясының құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болып табылады деп белгіленсін.

"Қазақинстрах" компаниясының құрылтайшысы ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақинстрах" компаниясының жарғылық қорына ақшалай түрде 3 млн. (үш миллион) теңге 1 миллион АҚШ долларын салсын.

Шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах" мемлекеттік компаниясы туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах" мемлекеттік компаниясының Жарғысын бекітсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шетелдік инвестицияларды сақтандыру саласында сақтандыру қызметі нарқын ұйымдастыру үшін, сондай-ақ ішкі сақтандыру нарқында сақтандыру қызметінің пәрменді жүйесін құру үшін Қазақстандағы жекеменшік сақтандыру компанияларының активтерінің арттыру мақсатында сақтандыру қызметін жүзеге асыруға тұрақты лицензиясы бар және сақтандыру резервтері кемінде 3 млн. (үш миллион) теңге сомда қалыптасқан Қазақстанның сақтандыру компанияларының қатарынан Қайта сақтандыру (сақтандыру пулі) жөніндегі ассоциация және "Қазақинстрах" компаниясын құру туралы ұсынысы мақұлданын.

Басқа себептер бойынша Қайта сақтандыру жөніндегі ассоциацияға мүшеліктен бас тартуға жол берілмейді деп белгіленсін.

3. Қайта сақтандыру ассоциациясы арқылы сақтандыруға:

шетелдік капиталдың қатысуына байланысты жауапкершілікті сақтандыру мен мүліктік сақтандыру саласындағы сақтандырудың барлық түрлері;

жүкті клиент алғанға дейін теңіз, әуе және басқа да көліктермен экспортталған және импортталған жүктерді сақтандыру;

жауапкершілікті сақтандыруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының әуе және теңіз көлік құралдарын сақтандыру жатады деп белгіленсін.

4. "Қазақинстрах" компаниясының валюталық сақтандыру резерві мен жарғылық қорындағы валюталық бөлігі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өкілетті банктерде сақталады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Үкіметі атынан "Қазақинстрах" компаниясының қорларын сақтауға және есептік-кассалық қызмет көрсетуге жауапты кепіл-банкпен шарт жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті "Қазақинстрах" компаниясының қызметін ұйымдастыру үшін оған қажетті жалпы көлемі 250 шаршы метр қызметтік үй-жай бөлсін және компанияның жұмыс көлеміне сәйкес болашақта үй-жай бөлуді қарастырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 20 қаңтардағы

№ 71 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах" мемлекеттік компаниясы туралы

ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "

Қазақинстрах" мемлекеттік компаниясы (бұдан әрі - "Қазақинстрах" компаниясы) халықаралық экономикалық қатынастарда республика мүддесін білдіретін және мемлекеттік сыртқы экономикалық қызметінде сақтандыру қызметін көрсететін, сондай-ақ іскерлік қызметпен айналысатын жекеменшік шетелдік субъектілердің сақтық қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік сақтандыру ұйымы болып табылады.

2. "Қазақинстрах" компаниясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданылып жүрген заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің актілерін, осы Ереже мен Жарғыны басшылыққа алады.

3. "Қазақинстрах" компаниясы мүлікті жедел басқаруға құқылы коммерциялық емес мемлекеттік заңды ұйым болып табылады, ал мүлік жетімсіздігі жағдайында компанияның сақтандыру міндеттемесі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мемлекет мүліктік жауапкершілікте болады.

4. "Қазақинстрах" компаниясы қызметінің басты бағыты Қазақстан Республикасына белсенді түрде тарту мақсатында шетелдік инвестицияларды сақтандыру, осы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерді (отандық, сондай-ақ шетелдік) тиісті түрде сақтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында сыртқы экономикалық қызмет саласында сақтандыру қызметінің нарқын ұйымдастыру, сондай-ақ шетел валютасында сақтандырудың өзге де түрлерін жүзеге асыру болып табылады.

5. "Қазақинстрах" компаниясы қабылдаған сақтандыру міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін сақтандыру жарналары (сыйлықтар) сомасынан түскен қаражаттың 75 проценті сақтандыру резервіне жіберіледі, ал сақтандыру жарналарының қалған сомасы алдын алу шаралары мен іс жүргізу шығындарын қаржыландыруға пайдаланылады. Сақтандыру резервтерін инвестициялаудан алынған табыс компанияның жарғылық қорын ұлғайтуға және валюта түріндегі ағымдағы шығындарды жабуға бағытталады. Табысты пайдалану бағыттары бойынша бөлу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі.

Сақтандыру жарналарының (сыйлықтарының) қаражатын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру мақсатында "Қазақинстрах" компаниясының лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен материалдық ынталандыруды аталған қаржы есебінен шетелдік валюта түрінде жүргізуге тиым салынады.

6. Әкімшілік кеңес:

Директорат "Қазақинстрах" компаниясының басқару органдары болып табылады.

Әкімшілік кеңес директораттың жұмысын байқап, бақылау үшін 9 мүшеден

құрылады.

Әкімшілік кеңестің құрамына:

"Қазақинстрах" компаниясының үш директоры, оның ішінде бас директор, қаржы жөніндегі директор және бас директордың ұсынуы бойынша директорлардың бірі;

сақтандыру ісі жөніндегі тәуелсіз сарапшылар құрамынан екі өкіл, оның ішінде сақтандыру саласында консультациялық қызмет көрсету жөнінде шетелдік компаниядан бір адам;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен бір адам кіреді.

Әкімшілік кеңестің жоғарыда аталған мүшелерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Сонымен бірге әкімшілік кеңестің құрамына міндетті түрде директорлардан басқа, "Қазақинстрах" компаниясы қызметшілерінің өкілдері - кем дегенде екі қызметкері және Қазақстан Республикасы Сақтандыру компаниялары ассоциациясының (Сақтандырушылар одағы) өкілі кіреді.

"Қазақинстрах" компаниясының Әкімшілік кеңесіне мына міндеттер жүктелсін:

шығыс сметаларын және іс-қимыл жоспарын қарау және бекіту;

компанияның өкілдіктерін құру және олардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдау;

көрсетілген сақтандыру қорғауының нақты құнын қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру төлемдерінің, сақтандыру сомаларының және сақтандыру өтемінің ставкаларының (тарифтерінің) мөлшерін қарау;

сақтандыру ережелерін қарау және бекіту.

Директорат "Қазақинстрах" компаниясының ағымдағы қызметіне басшылық жасау үшін құрылады және оның мүшелерінің саны тақ болады. Компания директорларының штаттық саны 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін бес адам болып белгіленсін. Компанияның директоратын бас директор басқарады, ол сонымен бірге "Қазақинстрах" компаниясының президенті - Әкімшілік кеңесінің төрағасы болады.

7. "Қазақинстрах" компаниясы өз жұмысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау нормативтік-әдістемелік актілерін басшылыққа алады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен. P961031\_

8. "Қазақинстрах" компаниясына заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін бас директорға шетелдік заңгерлік фирмалармен компанияға заңгерлік қызмет көрсетуге шарт жасау құқы беріледі.

9. "Қазақинстрах" компаниясы қызметкерлерінің штаттық санын және қызметтік автомобильдерінің лимиті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісуі бойынша компания айқындайды деп белгіленсін.

"Қазақинстрах" компаниясының қызметін қаржыландыру өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10. "Қазақинстрах" компаниясының Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі мен бланкілері болады.